

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Таким образом, можно сделать вывод о том, что восприятие художественного фильма зависит от тех или иных личностных особенностей человека. Данная работа может быть положена в основу разработки новых исследований, посвященных психологии восприятия, психологии личности и психосемантики, а также уже полученные результаты использовать в обычной жизни для саморазвития и улучшения самопонимания.

Список использованных источников:

1. Выготский Л. С. Психология искусства. – СПб.: Азбука, 2016г. - 448 с.
2. Гребень Н. Психологические тесты для психологов, педагогов, специалистов по работе с персоналом. – Минск: Букмастер, 2012. – 247 с.
3. Осин Е.Н., Рассказова Е.И. Краткая версия теста жизнестойкости: психометрические характеристики и применение в организационном контексте. Вестник Московского университета. Серия №14. Психология. 2013. № 2, С. 147-165
4. Кинопоиск: День сурка. URL: <http://www.kinopoisk.ru/film/527/> (дата обращения: 19.03.2016)

ӘОЖ 159.52

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАСЫ БАР АНАНЫҢ ӨМІРІНДЕГІ ЭМОЦИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

Парманова Зарина Анарбекқызы

zayka9218@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті
«Психология» мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А. Айтышева

Қазіргі заманда мүмкіндігі шектеулі адам тек әлеуметтік-психологиялық көмек пен қамқорлықтың объектісі ретінде ғана емес, сондай-ақ, қоршаған ортаның белсенді субъектісі ретінде де қарастырылады. Себебі, олардың өзіндік жетілуі мен қоғамдағы интеграциясы үшін барынша мүмкін болатын жағдай жасалуы тиіс. Психологиялық ғылымның біріншілік міндеті мүмкіндігі шектеулі балаларға қоғамның толерантты қатынас жасауы, жалпы психологиялық ахуалын қарастыру, сондықтан соңғы кездері бұл мәселе пәнаралық зерттеу объектісі болып отыр.

Алайда, мүмкіндігі шектеулі баланың адекватты өзін-өзі жүзеге асуы мен тиімді дамуы үшін , ұжымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, әлеуметтену процестерінде құрылатын көпсатылы қоғамдық өзара байланыс қажет. Бұл жағдайда , мүмкіндігі шектеулі баланың отбасысының рөлі маңызға ие. Отбасындағы ананың берер көмегі мен эмоциялық, моральдық, психологиялық қолдауы қажет екендігі анық.

Мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасылар жайлы бірқатар авторлар өз зерттеулерінде қарастырған: Т.Г. Богданова, Н.В.Мазурова, В.А. Вишневский, Т.А. Добровольский, А.И. Захаров, И.Ю. Левченко, Р.Ф. Майрамян, И.И. Мамайчук, А.И. Раку, М.М. Семаго, А.Р. Шарипова, В.В. Юртайкин және т.б.

Мүмкіндігі шектеулі балаға деген анасының сезімталдығы , эмоционалды толыққандылығы бала мен ана арасындағы эмоционалды қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Бала мен анасы арасында біріккен қарым-қатынас процесінде мынадай тұлғалық сапалар қалыптасады: анасына байлану, жағымды өзіндік сезіну, қорғану сезімі. Е.Попцова зерттеулерінде анасының баласына деген эмоционалды-жылы қатынастың себептері талқыланды. Автордың ойы бойынша, ол әлеуметтік-экономикалық мәртебесімен, мәдени деңгейімен, анасының тәрбие жөніндегі тәжірибесімен байланысты[1]. А.Я.Варга отбасылық қатынасты балаға қатысты түрлі сезімдер жүйесі, мінез – құлықтық стереотиптер тәрбие мен мінезін түсіну ретінде анықтайды. Отбасылық қатынас көп өлшемді білім бола отырып,

өзінде баланы шеттету немесе интегральды қабылдау, ананың балаға жақын деңгейін, оның мінез-құлқына бақылау жасауын көрсетеді. Автор отбасылық қатынастың аспектісін талқылай отырып (эмоционалды, когнитивті, мінез-құлықтық) эмоционалды бейнелегіш маңызды орынға ие.

Ана болу әйелдің тұлғалық аумағы ретінде үш блокты қамтиды:

- Эмоционалды – қажеттілікте: сәбиліктің гештальт жиынтығына әсері (баланың физикалық, мінез құлықтық, өнімдік-әрекеттік ерекшеліктері); баламен өзара әрекет етуде, оған күтім жасаудағы қажеттілік; аналыққа деген қажеттілік (аналық күй қызметін атқарудағы бастан өтетін жағдайлар);
- Операционалды блокта: баламен вербальды және вербальсыз қатынас операциялары; баламен өзара қатынастағы эмоционалды сүйемелдеудің адекватты стилі; балаға күтім жасау барысында қажет стилдер сипаты (сенімділік, байқампаздық, сыпайылық).
- Құндылықты – мағыналы блокта: бала мен ананың құндылықтарының адекваттылығы; әйелдің қажеттілік мотивациялық аумағының және аналық құндылықтарының тиімді балансы [3].

С.Ю. Мещерякованың еңбектерінде «аналық компетенттілік» деген ұғымға мән беріледі. Автордың пікірінше, аналық компетенттілік тек балаға физиологиялық күтім жасай алумен ғана жүзеге асып қоймай, баланың психологиялық ерекшеліктері мен оны қанағаттандыру қабілетмен анықталады. Мүмкіндігі шектеулі баласы бар ананың компетенттілігі баланың алғашқы өмір сүру кезеңдерінде эмоционалды қатынастың дамуы үшін қалай жағдай жасайтынымен көрініс табады.

Дәл осы кезеңдегі эмоционалды қатынас баланың толыққанды психикалық дамуының негізгі шарты болып табылады. Қатынас өзінде ана мен баланың өзара қарым қатынасын көрсете отырып, тұлғаның бір біріне деген әсерін, бейнесін көрсетеді. [4].

Мүмкіндігі шектеулі баласы бар аналар тұлғасында өзін-өзі кінәлау сезімі барлық қайғының негізі өзі деп есептеп, өзін-өзі сынау мен өзіне қанағаттанбау жоғарылай түседі. Мүмкіндігі шектеулі баланың дүниеге келуі, әсіресе ауыр бұзылысы болса, ол отбасындағы психологиялық ауа-райына әсер етпей қоймайды. Отбасының барлық мүшелері, әсіресе анасы эмоционалдық стресс күйіне душар болады. Жыл өткен сайын, бұл стресс азаюдың орнына созылмалы күйге ұшырайды. Созылмалы стресс күйі жоғары тітіркену, ішкі мазасыздық сезімі, ұйқының бұзылуы, бас ауруы, вегетативті дисфункция көріністеріне алып келеді.

Анадағы эмоционалдық стресс, ең алдымен отбасындағы жұбайымен қатынасына қатты әсер етеді. Анасындағы төмендетілген көңіл-күй, тұрақты мазасыздық, тітіркену, толық, өзін-өзінен бас тарту мүмкіндігі шектеулі балаға оның көңіл ауысуы әкесінде жайсыздық, эмоциялық ауыр жағдайын қалыптастырады. Ерлі-зайыптылардың арасындағы қарым-қатынастары жақсы болса, мүмкіндігі шектеулі баланың пайда болуы жасырын ішкі қайшылықты нығайтады, содан кейін: науқас бала туылуындағы сөзсіз өзара айыптаулар, қарым-қатынастары өте ауыр болады [2].

Мүмкіндігі шектеулі баланың туылу кезінде пайда болған ананың аффективті күйі өзінің баласымен қатынасына кері әсерін тигізеді. Мұндай ана көңілсіз әрі өз баласына қарауы тұрақсыз болады. Әдетте, бұл жағдайда бала өзіне әрдайым назар аударғанын талап етіп, ашушаң, анасын жарты қадам алшақтатпайтын болып өседі. Ары қарай «ана-бала» өзіндік бейнелі жабысқақ тәуелділік пайда болады. Кейбір отбасыларда баласы үшін барлығына шектеу қойып, тіпті жұмысын тастап кететін аналар да кездеседі. Бала ерке, қылжақбас, қоршаған ортаға нашар бейімделгіш болып өседі. Жыл өткен сайын, анасының жүйкесі жұқарып, отбасындағы жағдай алаңдатарлық күйге жетеді. Көптеген осындай отбасылар құлдырап жататыны тағы бар.

Ақыл-ой кемістігі баласы бар аналар ұзақ уақыт бойы баласына шектен тыс қамқорлық жасап, оның тым еркелегіш, қырсық болып қалыптасуына алғышарт жасайды. Ал кейбір аналарда, керісінше өзінің мүмкіндігі шектеулі баласына қарау, тәрбиелеу қиынға соқпайды. Алайда, баланың жағдайын ойлаймын деп, шыдамсыз әрі ашушаң болып кетеді. Бұл оның

басқа балалары мен отбасындағы қатынасына әсер етеді. Мұндай аналарға көбіне балаға байланысты адекватты көмек қажет етіледі.

Егер баланың анасы өзінде күш жинап, рухани теңдік сақтаса отбасында тым басқа жағдай қалыптасады. Ондай аналар өз баласына белсенді түрде көмекші болып табылады. Ол өз баласының мәселелерін жақсы түсініп, мамандардың айтқанын бұлжытпай орындап, баладағы кішкентай өзгерістерді байқайтын жаңа сапаларды қалыптастырады. Ол науқас баласына көмектесу үшін отбасында жағымды атмосфера қалыптастырудың бар амалын жасайды. (Г. А. Калюжин, М. П. Дерюгина, 1993).

Көптеген аналар түрлі психикалық бұзылыстары бар балалары жетістікке жету үшін біршама ерлік жасайды. Ол үшін мүмкін болмайтынның өзі болмайды, мүмкіндігі шектеулі баласы бола тұра бала дамуында жағымды нәтижелерге жетуге сенімді, рухани тепе теңдікті сақтай алады. Бұл әйелдер мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыс жасау барысында пайда болатын қиындықтар мен кедергілерді жасырмай, өз тәжірибесін басқалармен бөлісуге дайын тұрады.

Сонымен, мүмкіндігі шектеулі бала өсіп келе жатқан отбасындағы бақыт баланың болашағы үшін алаңдау мен мазасыздану сезімімен алмасады. «Бала – қоршаған орта» мәселесін шешу тек анасы өз баласымен бірге болған жағдайда ғана жүзеге асады. Анасы балаға қоршаған ортаның бейнесін меңгеруге, әлемге «базалық сенім» сезімін қалыптастыруға көмектеседі. Бұл сезімді тек мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндіктеріне сенетін, әрі өз баласын басқалардан кем санамайтын ана ғана қалыптастыра алады.

«Мүмкіндігі шектеулі бала мен ана» байланысын мықтылау үшін психологтың көмегі қажет. Психологиялық көмекке бала да, ана да мұқтаж. Психолог анасының баласына деген, оның кемшіліктеріне деген қатынасын өзгертуге көмектесуі керек. Ол үшін анасы өзінің баласына деген қатынасын қайта қарастырып, әлеуметтік стереотиптердің қысымын жеңуі қажет. Психологиялық тұрғыдан дайын ана өзінің баласының жағдайын жеңіл қабылдап, қоғамда бейімделуіне көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Особенности эмоционально-личностных отношений матери и ребенка-инвалида, Колпакова Л. М. / Л. М. Колпакова, Г. Н. Мухаметзянова // Молодое поколение XXI века: актуальные проблемы социально-психологического здоровья: материалы II Междунар. конгр. – Минск: РИТМ, 2003
2. Психологическое изучение матерей, воспитывающих детей-инвалидов, Гуслова М. Н. / М. Н. Гуслова, Т. К. Струве // Дефектология. – 2003.
3. Психологическое исследование особенностей материнской позиции женщин, дети которых страдают церебральным параличом, Романова О. Л. / Вопросы психологии. 2010. № 9.
4. Тихомирова В.С. «Влияние степени тяжести детского церебрального паралича у детей дошкольного возраста на эмоционально-личностные особенности их матерей»